

ЖШС «Мейірім» ббалабақшасының педагогикалық кеңестің

Хаттама №3

Өткізілген мерзімі: 12.01.2026ж

Қатысқандар саны-8

Күн тәртібі:

1. 1-Жарты жылдағы оқу-тәрбие жұмыстарына аналитикалық есеп беру.
2. 1-Жарты жылдықтағы білім-білік дағдыларын диагностикалау Аралық диагностика
3. Ұымдастырылған оқу қызметі «Асық терапиясын » қолдану.
4. Жарты жылдықта ауырған балалардың көрсеткішін талдау.
5. Жарты жылдық жұмысының қорытындысы.

1.Тыңдалды: бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Адилхан.Ж жарты жылдық есебін баяндады. Жарты жылдық есеп бойынша балабақшада атқарылған жұмыстар, өткізілген ертеңгіліктер , семинарлар,жиналыстар ата-аналармен жұмыстар, оқу тәрбие жұмыстары толығымен баяндалып, қағаз жүзінде өткізілді. Одан әрі қарай кезегімен әр топ тәрбиешілері өздерінің жарты жылдық есептерін тапсырды. Тәрбиешілер жылдық есептерін. Іс-қағаздарын, ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің жоспарын, жүргізген жұмыстарын тапсырды.

2.Тыңдалды: балабақша әдіскері Адилхан Ж сөйледі. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізілдің әдістемелік ұсынымдарымен таныстырып өтті. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру бойынша жүргізілетін мониторинг критерилері мен индикаторларын оқып, түсіндіріп өтті. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы мазмұнын игеру деңгейлерін есептеу әдістемесімен таныстырды.

1-ші қосымшамен таныстырды. 2-ші қосымшада бақылау парақтары Excel форматта берілген. Топтың мониторинг нәтижелері негізінде мектепке дейінгі ұйымның әдіскері Excel форматта берілген қосымшаға сәйкес (3 Қосымша) мектепке дейінгі ұйымның, содан соң аудандық білім бөлімдері мен облыстық білім басқармасының әдіскерлері мен мамандары аудан, облыс бойынша мониторингті жасады.

Топтардың мониторинг нәтижелері негізінді оқу жылына баланың жеке даму картасы толтырылады. Баланың жеке даму картасын толтыру кезінде педогог кестеге дамытушы немесе түзету шараларын, қажет болған жағдайда бақылау нәтижелері бойынша іс-шаралардың іс-әрекеттердің екі түрін енгізу керектігін айтты.